

## Мемлекеттік меншік объектілерін басқарудың тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1999 жылғы 6 тамыз N 1107

Заңды және жеке тұлғалардың пайдалануына берілген мемлекеттік меншік объектілерінің тиімді пайдаланылуын бақылауды күшейту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Меншіктің мемлекеттік нысанындағы орталық және жергілікті атқарушы органдар, ведомстволар, заңды тұлғалар мемлекеттік меншік объектілерін заңды және жеке тұлғаларға (жалға, сенімді басқаруға және басқаға) беру туралы шарттар (келісімшарттар) жасасқан кезде осы тұлғалардың мемлекет меншігіндегі объектілерге байланысты барлық мәмілелер бойынша есептерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне немесе тиісті жергілікті атқарушы органға тоқсан сайын ұсыну міндеттемесін көздесін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік

және жекешелендіру комитеті заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулы қабылданғанға дейін жасалған шарттарға (келісімшарттарға) көрсетілген есептерді ұсыну жөнінде заңды және жеке тұлғалардың міндеттемелерін бекітетін толықтырулар енгізуге шаралар қолдансын;

2) бір ай мерзім ішінде заңды және жеке тұлғалардың көрсетілген есептерді ұсынудың тәртібін әзірлеп, бекітсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Оқығандар:  
Қобдалиева Н.  
Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК